

Бөржар ауылдық округіне қарасты Теспе елді мекені Әйтеке би көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 78 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 мамырда № 5046 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 тамыздағы № 127 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі әкімінің 19.08.2019 № 127 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ордабасы аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 02-05/95 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Бөржар ауыл округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бөржар ауылдық округі, Теспе елді мекеніне қарасты Әйтеке би көшесі тұрғынының ауласында 1 (бір) мал табынының арасынан бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Бөржар ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Ордабасы ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бөржар ауыл округі әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бөржар ауыл округі әкімі

Е. Алтынбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК